

«Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қоры
Ақпараттық және құжаттық даулар бойынша
сараптамалардың қоғамдық орталығы

МАМАНДАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ № 453 - Э

Алматы қ-сы

14 шілде 2014 жыл

Мамандар – филология ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университетінің журналистика және аударма ісі кафедрасының доценті Карымсакова Рахилия Даулетбаевна (мамандығы: «10.02.06 – түркі тілдері, 10.02.01 – орыс тілі», мамандық бойынша еңбек өтілі – 40 жыл, сараптамалық қызметтегі тәжірибесі – 11 жыл), филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының доценті Таусоғарова Аяужан Қайратқызы (мамандығы: 10.02.02 – қазақ тілі, 10.02.19 – тіл теориясы, мамандық бойынша еңбек өтілі – 19 жыл, сараптамалық қызметтегі тәжірибесі – 7 жыл) – «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қоры жанындағы ақпараттық және құжаттық даулар бойынша сараптамалардың қоғамдық орталығының жетекшісі Г.Х.Аженованың тапсырмасы бойынша ұсынылған деректерге түсінік беру мақсатында арнайы лингвистикалық танымдары негізінде келесі сұрақтарға зерттеу жүргізді.



Түсінік беру үшін қойылған сұрақтар:

1. «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының №8, сәуір, 2014 жылғы санының идеялық-тақырыптық мазмұны және журнал мазмұнының мағыналық бағыттылығы қандай?

2. Зерттеуге ұсынылған «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының №8, сәуір, 2014 жылғы А. Гитлерге арналған санындағы жарияланымдарда әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыру, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлау белгілері, сондай-ақ, азаматтардың дінге көзқарасына, ұлттық, рулық немесе нәсілдік белгілері бойынша олардың айрықшылығын, артықшылығын немесе кемдігін айтатын сөйленістер бар ма?

3. Аталмыш журнал мақалаларында экстремизмді ақтау белгілері бар ма?

Ескерту: 2-сұрақ үш бөлікке бөлінуі мүмкін. Оның бірінші бөлімі маман (сарапшы)-лингвисттің құзыреті аумағында қарастырыла алмайды, өйткені іс-әрекетті бағалаумен байланысты шешімі тікелей тергеуді жүргізуші органның, прокурордың, соттың құзыретіне енетін құқықтық сипатқа ие. Онда әлеуметтік араздықтың қоздырылатыны анықталып қойғаны туралы жасырын тұжырым қамтылғандықтан, бұл жердегі сұрақ


_____ Карымсакова Р.Д.

_____ Таусоғарова А.К.

анықталып қойылған іс-әрекеттің белгілерін айқындауға ғана бағытталған.

2011 жылдың 24 мамыры №193 «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі сот сараптамасы Орталығында сот сараптамаларын жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі Нұсқауға» сәйкес, №2 сұрақ келесі түрдегі өңдеумен бірнеше сұрақтарда рәсімделе алады:

- Зерттеуге ұсынылған материалдарда қайсыбір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни топқа қатысты аса жағымсыз бағаны қамтитын, я жеккөрушілікті, араздық қарым-қатынасты білдіретін сөйленістер бар ма?

- Зерттеуге ұсынылған мәтіндерде азаматтардың діни, таптық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатысына қарай артықшылығын я кемістігін насихаттауды қамтыған сөйленістер бар ма?

- Зерттеуге ұсынылған материалдарда қайсыбір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни топты қорлау мағынасында не жағымсыз формада білдірілген сөйленістер бар ма?

Лингвистикалық зерттеу жүргізу үшін мамандарға ұсынылған нысандар мен материалдар:

1. «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының №8, 2014 ж. санындағы мәтіндердің ксерокөшірмесі.

ЗЕРТТЕУ БӨЛІМІ

Берілген сұрақтардың шешіміне байланысты ұсынылған материалдарға лингвистикалық зерттеу жүргізуде шешуші сөздер бойынша контент-талдау әдісі, лексика-семантикалық әдіс, мәтіннің және күрделі синтаксистік тұтастықтың лингвостилистикалық талдау әдістері, семантика-синтаксистік әдістер қолданылды.

1 сұрақ. «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының №8, 2014 ж. санының идеялық-тақырыптық мазмұны және журнал мазмұнының мағыналық бағыттылығы қандай?

Экстремизмге қарсы әрекет етумен байланысты барлық қазақстандық және ресейлік сараптамалық әдістемелердегі басты міндеттердің бірі - бұл зерттеуге ұсынылған материалдардың мазмұны мен мағынасын қарастыру, олардың контексте қолданылуының мағыналық бағыттылығын зерттеу болып табылады. (олардың тізімін №20 нөмірмен көрсетілген Қосымшадан қараңыз).

«Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының талдауға түсіп

отырған №8 (92), 2014 жылғы саны аса өзекті ғылыми-тарихи және саяси мәселелердің біріне арналған тақырыптық нөмір болып табылады әрі ол өзінде көрініс тапқан сол және басқа аспектілердің тұтас қабылдануының нақты дереккөзі қызметін атқара алады. Аталмыш нөмірдің мағыналық (идеялық-тақырыптық) мазмұнын қарастырайық.

Талданылып отырған журналдың мазмұны тарихи оқиғалар мен құбылыстарға – Екінші дүниежүзілік соғыс пен ондағы Адольф Гитлердің рөлі, сондай-ақ Қырым дағдарысына әкелген Украинадағы оқиғалар жүйесінде ашылады. Бұл екі өзара тығыз байланыстағы тақырыптық желілер журналдың әртүрлі материалдарының мазмұнында өз сабақтастығын тауып отырған.

Журналдың мазмұны екі дереккөзден алынған мәліметтердің негізінде құралған: ғылыми-анықтамалық және көсемсөз (публицистика) әдебиеттері. Ғылыми-анықтамалық әдебиеттен анықтамалық және өмірбаяндық (ғұмырнамалық) әдебиеттер бөлініп шығады. Журналдың 50-ші бетінде пайдаланылған әдебиеттердің тізімі келтіріліп, онда **отандық және ресейлік ашық баспасөздерінде жарияланған материалдар** көрсетілген. Бұл тізімде ғылыми-анықтамалық әдебиетке мына келесілері жатады: Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, 2, 6 томдар, Алматы, «Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы», 2002; «Britannica. Большой энциклопедический словарь». М., «Издательство «Астрель», 2009; Эванс А.А., Гиббонс Д. «Вторая мировая война». М., «Астрель», 2013. Өмірбаяндық (ғұмырнамалық) әдебиет ретінде төмендегі 3 кітап қолданылған: Б. Соколов «Адольф Гитлер: Фюрер. Преступник. Личность». М., «Зебра Е», 2013; [Моссе Дж. «Нацизм и культура. Идеология и культура национал-социализма»](#). М., «ЗАО Центрполиграф», 2010; [Кубеев М.Н. «Сто великих людей, изменивших мир»](#). М., «Вече», 2010.

Мазмұнына қарағанда, талданылып отырған номер келесі құрылымдық-мағыналық бөлімдерді қамтиды: Алғы сөз (Предисловие) – 2, 5-беттер; Адольф Гитлер өмірбаяны (Биография Адольфа Гитлера) – 6-11-беттер; Фашизм (Фашизм) – 12-17-беттер; Соғыс өртінің тұтануы (Зарождение войны) – 18-19-беттер; Соғыстың I-II кезеңдері (I-II периоды войны), 20-24-беттер; Соғыстың III кезеңі (III период войны) – 25-бет; Соғыстың IV кезеңі (IV период войны), 25-27-беттер; V кезеңі және нәтижесі (V этап войны), 29-30-беттер; Сауалнама (Опрос), 31 - 35-беттер; Қазақ батырларының ерліктері (Подвиги героев-казахов), 36-39-беттер; Тың дерек (Факты), 40-42-беттер; Гитлер – Путин (Гитлер – Путин), 46-50-беттер.

Осы бөлімдерді тыңғылықты қарап шығайық.

Алғы сөзде журналдың аталмыш нөмірінің көздеген мақсаты баяндалады. Басылымның бас редакторы Жарылқап Қалыбай оқырманға не үшін және не себепті журналдың бас кейіпкері ретінде А. Гитлердің тұлғасы алынғанын түсіндіреді: *Біз не үшін Адольф Гитлерді жазып отырмыз? Оның екі себебі бар...* (Почему мы пишем о Гитлере? Этому есть две причины...)

Аталмыш журнал санына негіз болып отырған екі фактор аталынады. Сол үзінділерді толықтай келтіреміз (дәйексөздер курсивпен берілген, жақша ішінде олардың аудармалары көрсетілген):

Біріншісі - мемлекет басына, зайыптан тайып А. Гитлер секілді бір адам кездейсоқ келіп қалған жағдайда, оған ерген бүкіл халықтың орға жығыланатынын көрсету үшін! (Чтобы показать, что если к руководству государством случайно придет такой человек как Гитлер, то весь последовавший за ним народ окажется в пропасти!).

Мұндай қырғыншылық, опатшылық жағдайдың дәлелі ретінде Екінші дүниежүзілік соғысқа тартылған елдер шығындарының статистикалық мәліметтері келтірілген; осы соғыстың жағымсыз бағасы берілген (*адамзат тарихының ең сұрапыл соғысында – в самой жестокой войне в истории человечества*), Гитлер тұлғасының жағымсыз бағасы берілген (*Осылайша Адольф Гитлер - Екінші дүниежүзілік соғыстың ең басты қылмыскері болып табылады. Ал оған ерген неміс халқы Гитлердің ұлтшылдық-фашистік идеясының құрбандығына айнала жаздады.* – (Так Адольф Гитлер является главным преступником во Второй мировой войне. А последовавший за ним немецкий народ чуть не стал жертвой националистически-фашистских идей Гитлера).

Екіншісі – ұлтшылдық-шовинистік идеяны қайта жалаулатып келе жатқан құдайы көршіміз Ресей империясының казіргі билігінің аса қауіпті саясатынан қорғану мақсатында жазып отырмыз! (Мы пишем, чтобы защититься от очень опасной политики руководства соседней Российской империи, в которой снова провозглашаются национал-шовинистические идеи).

Осы ойды түсіндіре келіп, алғы сөз авторы көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін халыққа ықпал етуде ұлттық идеяны (идеологияны) құрал етіп пайдаланудың екіжақты мүмкіндігі туралы айтады: *Ұлтшылдық идеясы халықты бір мақсатқа жұмылдыруға келгенде керемет таптырмас құрал екені бесенеден белгілі. Мәселен, аз ұлттар оны өзінің қорғаныш құралы ретінде пайдаланса, ал әлемге билік жүргізгісі келген үлкен ұлттар болса, оны өзгелерге үстемдік етудің басты құралы ретінде пайдаланады.* – (Давно известно, что националистическая идея является прекрасным инструментом в деле мобилизации народа для реализации какой-либо цели . Например, если малые народы используют ее для своей защиты, то большие народы, стремящиеся к мировой власти, используют ее для установления господства над другими народами).

Осы қағиданы түсіндіретін мысал ретінде Алғы сөздің келесі бөлігі алға тартылады, оның мазмұны мына сауалға келіп саяды: *Гитлер мен Путинның іс әрекеттерінде ұқсастық бар ма?* – (Имеется ли в действиях Гитлера и Путина что-либо сходное?). Бұл сұрақ анықталған себептерге орай негізсіз берілмеген, алғашқы қағидамен мағыналық байланысқа ие. Оның дәлме-дәл түсінігі үшін маман фондық білімді қолданады, яғни

«коммуникативтік актіге түсуші екі жақтың да (яғни журналист пен оқырман. - Маман) туылған сөйленістердің дәлме-дәл әрі толық интерпретациясы үшін қажетті, өздерін белгілеуші тілдік таңба сыртында тұрған материалды өмір реалийлері, жағдаяттық және коннотативтік реалийлер тұрғысындағы білімін пайдаланады» (Словарь социолингвистических терминов. - М.: ИЯ РАН. Отв. редактор: доктор филологических наук В.Ю. Михальченко. 2006). Журналдың талданылып отырған нөмірі (саны) 2014 жылдың сәуірінде, Украинадағы төңкерістік оқиғалардың ушығып тұрған кезінде, Ресей әскерлерін Қырымға енгізіп, Қырымның Ресейден бөлініп РФ құрамына енген тұсында жарық көрген. Осы оқиғаларға орай бұқаралық ақпарат құралдарында түрлі субъектілер тарапынан тарихи паралельдер қатар өрбітіледі.

Алғы сөзде өткен уақыт оқиғалары (Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Гитлердің іс-әрекеті) мен В. Путиннің сыртқы саясаттағы іс-әрекетін салыстыра келіп, С. Борбасов, З. Кинаятұлы сияқты тарихшылар, саясаткер Р. Жұмалы аталмыш екі субъектінің іс-әрекеттері арасындағы болжанатын я олардың есептеулері бойынша, аса мәнді белгілер қатарындағы бұлтартпас ұқсастықтар негізінде олардың арасында ортақ белгілері бар деген тұжырымға келеді.

Журналды шығарушылардың дүниежүзілік тарихтағы Гитлер тұлғасының рөлін ашу тұрғысындағы ниеттері 4-ші бетте келтірілген өткен ғасырдағы белгілі адамдардың дәйексөз-пікірлері арқылы тұжырымдалады: неміс зерттеушісі Иоахим Фест, Уинстон Черчилль, голланд тарихшысы Вольфганг де Боор, америка тарихшысы Уильям Ширер, ФРГ бесінші федералдық канцлері Гельмут Шмидттың дәйексөздері. Журнал мазмұны Иоахим Фест тарапынан берілген *«Бізге мәлім тарих бұған ұқсас жағдайды бастан өткерген емес. Біз мұны «ұлы» деп айтуымыз керек пе?»* деген сауалға белгілі бір деңгейде жауап береді. Келтірілген дәйексөздердің барлығы Адольф Гитлер тұлғасының бағасы қазіргі қоғамда бірімәнді емес екенін және оның голланд тарихшысы Вольфганг де Боордың тұжырымдамасымен беріле алатыны туралы ойға алып келеді: Гитлер адам, адамнан жоғары, жетілмеген адам болды. Журналда: Гитлер – Адам (Человек), Асқан адам (Сверхчеловек), Жартылай адам (Недочеловек).

Осы беттің сол жақ төменгі бұрышында барынша ірі қаріптермен тігінен рәсімделген сөз орналастырылған (оны көлденеңінен жазып келтіреміз): *Адольф Гитлер (1889-1945) немістің Ұлтшыл-социалистік жұмысшы партиясының фюрері, Германияның рейхсканцлері, Екінші дүниежүзілік соғыстың ең басты айыпкері.* (Адольф Гитлер (1889-1945) предводитель немецкой национал-социалистической партии, рейхсканцлер Германии, главный виновник Второй мировой войны). Шын мәнісінде, журнал алқасының бұл сөзді таңдауы, әсіресе, оның соңғы компоненті журналдың Екінші дүниежүзілік соғыстағы Гитлердің осы бағасымен ынтымақтастықта екенін көрсетеді. Бұл баға журнал мұқабасындағы Гитлер

суретінің үстіндегі *Адамзат қасіреті* (Трагедия человечества) жазуында да орын алған (мысал үшін салыстырып көріңіз: Асанәлі Әшімов, Олжас Сүлейменовке арналған журналдардың мұқабаларында *Ұлт мақтанышы* (Гордость народа) деп жазылған).

Журналдың барлық бөлімдерінің (айдарларының) құрылымын, мазмұны мен мағыналық бағыттылығын қарастырайық.

«**Адольф Гитлер өмірбаяны**» (Биография Адольфа Гитлера) бөлімі (айдары) үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімнің материалдарында А. Гитлердің балалық және бозбала шағы мен саяси өмірі туралы қысқаша мәліметтер келтіріледі. Екінші бөлімде Гитлердің жеке өмірі туралы (шыққан тегі, өзіне тән қасиеттері, оның ішінде шешен сөйлеу қабілеті, денсаулығы, әйелдері) мәліметтер берілген. Үшінші бөлімде Гитлердің бозбала шағындағы жолдасы Август Кубичектің естеліктері келтіріледі. Төменгі сынасөзде «Британник» әмбебап энциклопедиясының «Адольф Гитлер» туралы мақаласы орналасқан.

Бұл бөлімде берілген ақпараттар Гитлердің билікке келу жолын бақылап, Гитлердің саяси мансабының шапшаң қарқынмен өсу жолын, оның не себепті фюрер рөліне иеленгенін түсінуге мүмкіндік береді.

«**Фашизм**» бөлімі Рысбек Үркімбайдың саясат ғылымдарының докторы профессор Сайын Борбасовпен сұхбаты (интервью) түрінде берілген. Көріп отырғанымыздай, сұхбаттасушының интервьюдағы жауаптарының идеялық-мазмұндық бағыттылығы қойылған сұрақтарға тікелей байланысты (қозғау салатын, түрткі болатын ілікпе сөз). Сол сұрақтарды алға тартамыз.

- *Қарапайым халық біле бермейтін, тіпті Германияның азаматтығының өзін 1932 жылы алған Адольф Гитлер қысқа мерзімнің ішінде мемлекет басына келді. Бүкіл неміс халқы оның соңынан ерді. Осының құпиясы неде?* – (Неизвестный большинству простого народа, получивший гражданство лишь в 1932 году, Гитлер за короткое время пришел к власти. Весь немецкий народ последовал за ним. В чем секрет этого?)

- *Бұл деген орасан қаржы ғой. Германия бұл қаржыны толық төледі ме?* – (Это же огромная сумма. И Германия полностью ее заплатила?)

- *Германия әбден тұралаған екен...* - (Оказывается, Германию совсем разделили на части).

- *Ол қандай себеп?* – Что стало причиной этому?

- *Олардың сайлауда жеңіске жетуіне не себеп болды?* – Что помогло им прийти к победе?

- *Коммунистер де беделді болған екен ғой...* – Коммунисты тоже, оказывается, были влиятельной партией...

- *Еврейлерді не үшін жек көріпті?* – За что он ненавидел евреев?

- *Осылайша біртіндеп Еуропаны жаулай бастады...* – Вот так вот он по частям захватил Европу...

- *1939 жылы Молотов пен Риббентроп өзара шабуыл жасамау туралы*

шартқа қол қойған жоқ па? – Разве в 1939 году Молотов и Риббентроп не подписали совместный договор о ненападении?

Алғышында Сталин соғыстың басталғанына сенбеген, Германияның бізге соғыс ашуы мүмкін емес деп депрессияға түсіп жатып қалған деген әңгімелер бар... – Были рассказы о том, что вначале Сталин не поверил в начало войны, впал в депрессию.

- Гитлердің еврейлерді жек көру себебін айттыңыз. Ал коммунистерді не үшін жек көрді? – Вы объяснили причину ненависти Гитлера к евреям. А за что он ненавидел коммунистов?

- Фашизм деген не? Жалпы, бір әдебиеттерде гитлерлік Германияны нацистік Германия деп атайды. Осының қайсысы дұрыс? – Что такое фашизм? В целом где-то в литературе гитлеровскую Германию называют нацистской Германией. Что из этого верно?

- Фашизмнің қандай белгілері бар? – Каковы особенности фашизма?

- Гитлердің ең жақын сенімді серіктері Гиммлер, Геббельс, Геринг т.с.с. болған жоқ па? – У Гитлера же были верные соратники Гиммлер, Геббельс, Геринг?

- Соғыстан қайтпай қалған адамдар әр ауылдан бар зой. Мысалы, менің әкем мен оның інісі де соғысқа қатысып, бірнеше рет жарақаттанып, аман қайтқан. – В каждом ауле есть люди, не вернувшиеся с войны. Например, мой отец, его младший брат были несколько раз ранены, но вернулись живыми.

- Қазір мына Украинада, Қырымда болып жатқан жағдайларға байланысты Гитлер мен Путинді қатар қоюда... – Сейчас в связи с событиями в Украине, Крыму Путина сравнивают с Гитлером...

- Ресейде қазір неофашистер, скинхедтер дегендер шығып жатыр... – Сейчас в России появились неофашисты, скинхеды...

- Олар өздері фашизмнен зардап шекті зой... – Они ведь сами пострадали от фашизма.

Гитлердің билікке келуінің себептерін С. Борбасов сол кездегі Германияның қоғамдық-экономикалық, тарихи жағдайлары тұрғысынан түсіндіреді (Версаль келісімшартының Германия үшін тым қорлықты жағдайы, Германия экономикасында да теріс көрініс берген жалпы әлемдік «Ұлы депрессия (құлдырау)»; неміс халқының және Гитлердің экономикалық дағдарыстан шығып, басқа мемлекеттерді және т.б. жаулау арқылы империялық держава ретінде Германияны бұрынғы күш-қуатын қалпына келтіруге талпыныстары).

16-шы бетте фашизм тақырыбы фашизмнің қолбасшылары туралы мәліметтерді қамтыған анықтамалық мақалаларда жалғасын тапқан: 1936 жылы жәрдемге сүйене отырып, Испан республикасына қарсы әскери-фашистік бүлікті, кейін фашистік Германия мен Италияның ашық түрдегі интервенциясын басқарған испан диктаторы Франко Франсиско; император Хирохито, оның билік басындағы кезеңінде Жапонияның ұлттық саясаты

милитаристік сипатқа ие болды; Бенито Муссолини, Италия фашизмінің негізін салушы туралы.

17-бетте фашизмді талқандауға даусыз үлес қосқан тұлғалар туралы анықтамалық материалдар қамтылған: британдық мемлекеттік әрі саяси қайраткер Уинстон Черчилл; АҚШ-тың 32-ші президенті Франклин Рузвельт; кеңес саяси, мемлекеттік, әскери әрі партия қайраткері диктатор Иосиф Сталин; француз генералы, мемлекеттік қайраткері Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі француз Қарсылығының қолбасшысы, Бесінші Республиканың негізін қалаушы және тұңғыш президенті Шарль де Голь.

16-17 беттерде төменгі сына сөздерде Эванс А.А., Гиббонс Д. «Вторая мировая война» кітаптарынан нацистік Германия көсемдері туралы анықтамалық мақалалар келтірілген («Нацистік Германияның басшылары»): Иозеф Геббельс, Герман Геринг, Генрих Гиммлер, Рейнхард Гейдрих, олардың өмірбаяндық анықтамалары мен Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар кезіндегі қылмыстық іс-қимылдары туралы мәліметтерді қамтыған.

Келесі бес бөлімде Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихы, оның нәтижелері мен салдары айтылады.

«**Соғыс өртінің тұтануы**» (Начало войны) бөлімінде Анар Әлдибекованың тарих ғылымдарының докторы Тұрғанжан Төлебаевпен әңгімесінен Екінші дүниежүзілік соғыстың тұтануына себепкер болған саяси, экономикалық жағдайлар, Гитлердің билік басына келуінің себептері, сондай-ақ Гитлер мен Сталиннің құпия кездесулері болғаны-мыс тұрғысындағы болжам туралы ақпараттар табамыз. Төменгі сына сөзде «Британника» энциклопедиясынан Үшінші рейх туралы сөздік мақала келтіріледі.

«**Соғыстың I-II кезеңдері** (I-II периоды войны)» бөлімінде Анар Әлдибекованың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Молдахмет Мырзабековпен сұхбатында Мюнхен келісімінің алғышарттары мен салдары, әскери конвенцияға байланысты КСРО, Англия және Франция арасындағы келіссөздің созылып кетуі туралы, кеңес-фин соғысы туралы, милитаристік Жапонияның сол кезеңдегі әрекеттері және т.б. туралы әңгіме болады. Сұхбаттың басты идеяларының бірі мақаланың атында берілген: *Англия мен Францияның қитұрқы саясаты Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына жол ашты* (Политика попустительства Англии и Франции открыла дорогу Второй мировой войне).

Төменгі сына сөзде «Британника» энциклопедиясы мен «Вторая мировая война» кітабынан «Ұлтшыл-социализм» (Национал-социализм) «Нацистердің зұлымдықтары» (Злодеяния нацистов) сөздік мақалалары келтірілген. 21-беттегі оң жақ бүйірдегі сына сөз «Вторая мировая война» кітабы материалдары бойынша даярланған Екінші дүниежүзілік соғысты тудырған оқиғалар тізімін қамтиды. 23-беттегі оң жақ бүйірдегі сына сөз Екінші дүниежүзілік соғыстағы басты оқиғалар туралы хронологиялық мәліметтерді қамтиды.

«Соғыстың III кезеңі» бөлімінде Анар Әлдибекованың тарих ғылымдарының докторы профессор Жарас Ермекбаймен әңгімесінде Екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы түбегейлі күйреу туралы, Қызыл әскердің Сталинград пен Курск майдандарындағы, Днепрдегі және т.б. майдандардағы жеңістері туралы айтылады.

«Соғыстың IV кезеңі» бөлімінде тарих ғылымдарының кандидаты Рыскелді Мырзабекова соғыстың осы кезеңдеріндегі басты оқиғалар туралы әңгімелейді: неміс басқыншыларының кеңес территориясынан қуылуы, Қызыл әскердің Еуропаның Шығыс және Оңтүстік-Шығыс елдеріндегі азат ету жорығы, Екінші фронт одақтастарының құрылуы, Берлинді алуға байланысты шешуші шабуыл операциясы және Германияның, кейінірек милитаристік Жапонияның қарсылықсыз тізе бұгуі туралы әңгімелейді.

«V кезеңі және нәтижесі» бөлімінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы Серік Мәшімбаев Қиыр Шығыстағы ақтық соғыс кезеңі туралы әңгімелеп, Потсдам конференциясының тарихы, оның шешімдері, Кеңес Одағының соңы Квантун әскерінің жеңілісімен және Жапонияның қарсылықсыз тізе бұгуімен аяқталған Жапонияға қарсы соғысқа кірісуі, және де тұтастай Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары мен салдары туралы хабарламалар береді.

Журналдың келесі бөлімі – «Сауалнамада» (Опрос) ұсынылған сұрақтар бойынша белгілі тарихшы ғалымдардың «желпінтуші» (әртүрлі) пікірлері көрініс береді. Бұл аналитикалық (талдамалық) сауалнамаға Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Мырзағали Хасен, Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология Институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы Зардыхан Кинаятұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков; тарих ғылымдарының докторы, саясаткер Әзімбай Ғали; қоғам қайраткері Нағашыбай Есмырза қатысады.

Респонденттерге ұсынылған сұрақтар: 1) Сіз үшін Гитлер қандай тұлға? 2) Гитлердің қысқа мерзім ішінде бүкіл неміс халқын соңынан ерте білуінің сыры неде? Сіз Гитлердің «Майн кампф»-«Менің күресім» деген кітабын оқыдыңыз ба? Бұл кітабы не үшін адамдардан құпия ұсталып келеді деп ойлайсыз?; 3) Кешегі Гитлер мен бүгінгі Путин саясатының арасында ұқсастық бар деп есептейсіз бе?; 4) Екінші дүниежүзілік соғыс қазақ халқына қалай әсер етті?

1 Қосымшада бір сұрақ төңірегіндегі әр түрлі көзқарастарды салыстыруға мүмкіндік беретін кестені ұсынамыз. Мұнымен қатар сұрақтардың толық ашылу деңгейлері Әзімбай Ғали, Мырзағали Хасендердің қысқа, тұжырымды жауаптарындағыдай минималды көрсеткіштен Зардыхан Кинаятұлы мен Талас Омарбековтердің тыңғылықты жауаптарындағыдай максималды көрсеткіш арасында құбылып тұрса да, көрініс тапқан позициялардың өзіндік негіздемелері, өзіндік айғақ-дәлелдемелері бар

(кестеде тек түйінді сөйленістер мен сөздер келтірілген).

Кейбір позициялар, бір қарағанда, толықтай сәйкес келеді, мысалы, Талас Омарбеков пен Нағашыбай Есмырзаның 3-сұраққа берген жауаптары, олар Гитлер және Путин саясаттары арасынан ұқсастықтар таппайды. Алайда бұл идеяның негіздемелері түбегейлі түрде өзара өзгешеленеді.

Н. Есмырзадан басқа барлық респонденттер А. Гитлер тұлғасы тұрғысынан жағымсыз, теріс баға берген.

Бұл бөлімде Нағашыбай Есмырзаның мақаласы айтарлықтай дау-дамайлы болып табылады, оның аудармасын біз **2 Қосымшада** келтіреміз. Зерттелетін материал сұрақтарға жауап түріндегі сауалнама жанры аясында танылады. Қойылған сұрақтар респонденттердің тұлғаларға, оқиғалар мен жағдай-құбылыстарға қатысты өздерінің жеке көзқарастарын білдірулерін қажет етеді. Егер хабарлама тақырыбы (біздің жағдайымызда) қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси (мысалы, Украинадағы оқиғалар), мәдени өмірі тұрғысындағы қарама-қайшылықтар тудырған мәселелерге қатысты болып, қоғамдық сана негізделетін рухани-құлықтық және этикалық нормалармен байланысты болса, онда мұндай тақырып оқырмандар (тыңдармандар) тарапынан өз құндылықты қасиеттері мен сапасы тұрғысынан бағаланады. Егер автор көзқарасы қоғам дамуына игі әсер ететін және оны дамытатын әрі жеке, сондай-ақ қоғам игілігін жасайтын нәтижелер туралы әлеуметтік мойындалған түсініктермен сәйкес келіп жатса, онда пікір авторы қақтығысты сөйлеу жағдаятын тудырмайды (мысалы, егер автор «Гитлер – фашист» деген қоғамдық қалыптасқан түсінікпен келісімде табылса). Егер автор пікірі қоғамдық пікірмен сәйкес келмей жатса, пікір авторы қақтығысты сөйлеу жағдаятын тудырады.

Сот-лингвистикалық сараптама теориясы мен тәжірибесінде бұл ақпараттық аспект келесі түрде қарастырылады. Сарапшы-лингвистерге ықпал етуші мазмұны көзқарастар мен пікірлерге, бағалауларға сәйкес келетін қақтығысты фразаларды (оның ішінде, ақпараттық радикализмді білдіруші) және ақпараттық экстремизмді білдіретін фразаларды (вербалды экстремизм) айыра білу керек.

Бағаның оң (жағымды) немесе теріс (жағымсыз), ал адам ерік-қалауы құқыққа қайшы, заңдылықты, қажетті және т.б. түрлерде болуы мүмкін. Пікір – бұл іс-әрекеттің, оқиғаның, арақатынастардың сапалы жақтары тұрғысындағы сипаттаушы мәлімет, нысандардың (құбылыстар, оқиға және т.с.с.) сапалық байланыстарына қатысты жеке басының арақатынасын білдіруші этикалық пайым. Пікір субъективтік қабылдауға және маңыздылық, мәнділік тұрғысындағы түсініктерге, және соған сәйкес пайым нысанының әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени, интеллектуалды-менталды үдерістерге ықпал ету дәрежесі тұрғысындағы түсініктерге негізделеді.

Пікірдің шынайылығын я жалғандығын тексеруге келмейді. Іс жүзіндегі ҚР Конституциясына сәйкес, пікірді жария ету сөз бостандығы

туралы ережемен қорғалады. Алайда өз пікірін білдіру араздықты, жеккөрушілікті, әлеуметтік агрессия мен зорлық-зомбылықты *насихаттау* мақсатында пайдаланылмауы тиіс.

Пікірлер мен бағалаулар қақтығысты болуы мүмкін: түрлі формалардағы төзімсіз сөйлеу әдебін жүзеге асыру, радикалды сипаттағы түрлі ерік-қалауды қамту және автор, пікір нысаны, аудитория бөлігі, билік өкілдері арасында потенциалды қақтығыс көзі болу және т.б. **Қақтығысты пікірлер мен бағалаулар** қандай да бір құбылыс немесе адамның (я адамдар тобының) кәсіби қызметі, экономика, саясат аспектілері туралы жағымсыз пікірді немесе адамның әлеуметтік мәртебесі, білім деңгейі, мүліктік жағдайы, кәсіби белгілері және т.б. жағынан анықталатын әлеуметтік, функционалдық және жеке қасиеттері туралы жағымсыз пайымды білдіреді. Қақтығысты пікірлер мен қақтығысты сөздерден **ақпараттық экстремизмнің** айырмашылығы – агрессиялық сөз нысанына – қандай да бір ұлттың, нәсілдің, рудың, діннің я әлеуметтік топтың өкіліне айқын білдірілген моралдық-құлықтық залал әкелу арқылы қоғамға зиян келтіретін ықпалды сөйлеу формасы. Экстремистік сөйлеу әрекетінің мақсаты тұлғаға қатысты араздық және жеккөрушілік қарым-қатынасты *насихаттау*, көрсетілген зорлық-зомбылық үшін тұлғаға қарсы *үгіт*, дәйектеулер мен ақтау немесе денсаулығына залал келтіру, экономикалық немесе саяси шығын келтіру тұрғысында көпшілік алдындағы қорқыту, өзгеретін немесе өзгеруге түспейтін белгілері бойынша ерекшеленетін адамды я адамдар тобын жою, психологиялық не физикалық зорлық көрсетуге *үндеу* болып табылады (24, 118-206 б.).

Ақпараттық деректердің осы екі аспектісі айырмашылығында Нағашыбай Есмырзаның жауаптарын қарастырайық.

Журналдың 4 бетінде неміс тарихшысы, журналист әрі жазушы, нацизм тарихының маманы, «Гитлер. Биография» деген танымал кітаптың авторы И. Фесттің кітабынан төмендегі дәйексөз келтіріледі, орыс тіліндегі аудармасы төменде: *«Бізге белгілі тарих Гитлер сияқты басқа құбылысты білмейді. Бірақ оны «ұлы» деп атауға бола ма? Ешкім де тарихта ол сияқты тәнті еткен емес, ешкім де ол сияқты бас идірген жоқ, ешкімге де оған артылғандай игі сенім артылған жоқ, алайда басқа ешкім де ол сияқты соншалықты жеккөрушілік тудырған жоқ... Әлем мемлекеттерінің барлығының біріккен коалициясы ғана шамамен алты жылдай соғыстан кейін оны жер бетінен өшіре алды... құтырған иттей ғып өлтірді. («Вся известная нам история не знает такого явления, как он, но следует ли называть его «великим»? Никто не вызывал столько восторга, истерии и благих ожиданий, как он, но никто и не вызывал столько ненависти. Нет другого такого, кто, как он, всего за несколько лет единолично придал бы ходу времени такие ускорения и так изменил бы состояние мира; нет другого такого, кто оставил бы за собой такой след из развалин. Лишь коалиция почти всех государств мира после почти шести лет войны*

устранила его с лица земли ... убила его как бешеную собаку. Неміс ғалымының түпкі ойы мынаған саяды – ‘Гитлер адамзат тарапынан жағымсыз, сондай-ақ жағымды да қабылданатын тұлға болып табылады’.

А. Гитлер өмірбаянының, нацизм тарихының қазіргі басқа зерттеушілері де көптеген адамдар үшін А. Гитлердің кісі өлтіруші, қылмыскер, миллиондаған адамдардың қан төгісіне айыпкер болып табылатынын, алайда кейбір адамдар үшін ол мақсат-міндетінің жолында өлетін ер ретінде мақтан әрі құрмет тұтатын пенде болып есептелді және есептеле бермекші екенін атап өтеді. Нағашыбай Есмырза жауаптарының мазмұнына қарағанда, ол фюрер жақтаушыларының бірі болып шығады. Адольф Гитлер, оның көзінде ұлы адам, барлық күш-жігерін өз отанының гүлденуі үшін жұмсаған патриот, мінсіз шынайы адам т.с.с. (*Гитлер өз ұлтының болашағы үшін күрескен нағыз ұлтшыл және ешқашан өтірік айтпаған адам. Рас, ол эксперимент жасады, бірақ оныкі большевиктер жасаған эксперименттің қасында түк те емес еді; Өз басым 1941 жылдың 22 маусымында Гитлер өзінің ең басты ерлігін жасады деп есептеймін*). Оның сөйленістері Гитлердің фюрерлік әлеуметтік рөлімен анықталатын әлеуметтік, функционалдық және жеке басының қасиеттеріне оң субъективтік пікір мен бағаны қамтитын мінездеме береді (яғни, көсем, көшбасшы, жолбасшы ретінде). Н. Есмырзаның бұл сөйленістері қақтығысты пікір ретінде сарапталатыны даусыз, тек қана ақпараттық (вербалды) экстремизм көріністері ретінде сарапталуы мүмкін емес (бұл сөйленістердің талдауын №3 сұрақтың жауабынан да қараңыз).

Келесі **«Қазақ батырларының ерліктері»** (Подвиги героев-казахов) бөлімінің материалдары сұхбат жанрында танылады. Сұхбаттасушылар – Анар Әлдибекова мен тарих ғылымдарының докторы, профессор Тілеу Көлбаев. Профессор Көлбаев өз жауаптарында майданға шақырылған қазақстандықтар туралы статистикалық мәліметтер келтіреді, Қазақстанда құрылған әскери бөлімшелер және олардың барлық майдандарға, оның ішінде, Мәскеу түбіндегі шайқасқа, Сталинград ұрысына, Ленинград қорғанына қатысқаны туралы тыңғылықты мәліметтер береді. Б. Момышұлы, Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов т.б. көптеген жауынгер қазақтардың ерліктері, оның ішінде, Кеңес Одағының Батырлары туралы әңгімелейді. Тарихшылар жауынгер-қазақтардың ерліктері өзінің лайықты бағасын толықтай алмады деп есептейді. Ғалым тағы да мынандай жайттың бетін ашады, Қазақстанда құрылған әскери бөлімдердің басшылықтары орыс адамдары болғанымен, жауынгерлердің басым көпшілігінің қазақтар болғанын айтады. Мұндай жағдайдың себебін ел басшылығының кадрлық саясатынан көреді.

Осы сұхбаттың мәтіні берілген беттерде Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Рақымжан Қошқарбаев туралы «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясынан» алынған анықтамалық материалдар, сондай-ақ жауынгер-қазақтардың суреттері бар сынасөздер қамтылады.

«Тың дерек» (Факты) бөлімінде Анар Әлдибекованың Мимар Синан университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, шоқайтанушы Әбдуақап Қарамен сұхбаты берілген. Әңгіме тақырыбы немістерге тұтқынға түскен кеңес жауынгерлерінің ауыр халін ашып көрсету, Германияның тұтқындарды өз қажеттіліктеріне пайдалану жоспарларының болғаны туралы хабарлама, Түркістан легионын құру жағдайлары туралы, отанына оралмаған қазақ-легионерлерінің тағдыры, Мұстафа Шоқайдың Түркістан легионын құруға байланысты қарым-қатынасы туралы болды.

Осы бөлімнің үш бетінде Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақтар туралы естеліктерді қамтыған үш сынасөз орын алған. Бұлар - Қанатай Камыров, 2 дәрежелі Құрмет орденінің иегері; Сейітхан Исаев, 1 және 2 дәрежелі ордендердің иегері; Құрмет орденімен марапатталған Бөрібай Құлманов. Олардың естеліктерінде әскерге шақыру жағдайлары туралы, нақты ұрыс майданына қатысу туралы, соғыста жүріп өтілген жолдар туралы, соғыста алған жарақаттар, соғыстан кейінгі өмір және т.б. туралы қамтылған.

«Сауалнама» (Опрос) бөлімі өз респонденттеріне екі сұраққа жауап беруді ұсынады: 1) Гитлер еврейлерді не үшін жек көрді? Не үшін оларды қудалап қырды? (Почему Гитлер ненавидел евреев и истреблял их?); 2) Гитлер не себепті коммунизмді, коммунистерді жек көрді? (Почему Гитлер ненавидел коммунизм и коммунистов?).

Бұл бөлімнің сұрақтарына саясаткерлер – Серікболсын Әбділдин, Балташ Тұрсымбаев, Жасарал Қуанышалин, қоғам қайраткері Жанұзақ Әкім және экономика ғылымдарының докторы, профессор Тоқтар Есіркепов жауап береді.

Осы сұрақтарға жауап бере отырып, барлық респонденттер бұл сұрақтарға орай бірнеше көзқарас, пікірлердің бар екенін көрсетеді. Олардың өздері Гитлердің еврейлерді қырғынға ұшыратуының келесі нұсқаларын ұсынады: 1) арий нәсілінің басқалардың үстінен қарауын жөн көретін нацизм идеологиясы; 2) қызмет түрлерінің барлық саласының (кәсіпкерлік, банк, қаржы және т.б.) көпшілігінде жетістіктерге қол жеткізген еврей халқы ақылды, дамыған ұлт болып, Гитлерге, және оның есептеуі бойынша Германияға қауіп төндірді; 3) Гитлердің ақыл-ойы дамыған ұлттан қорқуы, үрейленуі; 4) саяси қызметінің бастапқы кезеңінде дәулетті еврейлер қаржылай көмек беруден бас тартты; 5) неміс халқын біріктіру үшін Гитлерге ішкі жаулардың болуы қажет етілді; 6) сол уақытта Германияда еврейлер зор капиталдың, үлкен жағдайдың иелері болды, ал Гитлерге қарулануға, өндірісті дамытуға қаржы керек болды, оларға ол еврейлердің мүлкін иелену нәтижесінде қол жеткізетін еді.

«Сарап» бөлімі Уинстон Черчилльдің «Вторая мировая война» кітабынан алынған «Адольф Гитлер» бөлімінің үзінділерімен танылады. Өз кітабының бұл үзіндісінде танымал британ саясаткері А. Гитлердің «Майн кампф» кітабына Германия фюрерінің саяси философиясын баяндаған

трактат ретінде сипаттама береді (Уинстон Черчилль кітабының бұл бөлімінің орыс тіліндегі аудармасы **3 Қосымшада** және http://kuchaknig.ru/show_book.php?book=2166 сайтында келтірілген).

Журналдың екінші тақырыптық желісі «Гитлер – Путин» бөлімінде **екі материалда көрініс берген**. Оларды тыңғылықты түрде қарап шығайық.

Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің проректоры Ергөбек Шыңғыс өзінің аналитикалық «Бүгінгі Ресей – бүлінген Ресей» мақаласында соңғы жылдардың оқиғалары туралы айта келіп, РФ-ның алғашқы және екінші президенттері кезеңдерін салыстырады. Ельциндік Ресейді автор 1 Петр кезеңіне теңейді. Автордың есептеуінше, идеологиялық тұрғыдан В. Путин Ельциннің антиподы болып табылады. Ельциннің басқаруы кезеңіндегі оң сәттер ретінде автор оның либерал-демократиялық көзқарастарға бейілділігін, маңызды саяси және экономикалық реформалар өткізуін, қоғам мүддесіне бағдар жасауын, жергілікті басқарма рөлін күшейтуге көңіл бөлуін, оның қоғаммен ашық үнқатысымға түсуін және т.б. есептейді. В. Путиннің басқаруындағы осыған қарама-қарсы теріс бағаланатын белгілеріне – қоғамның саяси субъекті ретіндегі рөлінің төмендеуі, ұлттық автономиялар рөлінің төмендеуі, биліктің орталықтануы, сайлау рөлінің төмендеуі, ұлыорыстық шовинизм идеясының кеңінен таралуы (Мәскеудегі славян емес ұлттардың скинхед өкілдері тараптарынан кемсітілу, өлтірілу, жәбір көру деректері; еуропалық сербтерге славян-бауыр ретінде қолдау көрсету); Ресей экспансистік саясатының жүзеге асырылуы (мысалдар – Абхазиядағы және Оңтүстік Осетиядағы, сондай-ақ Қырымдағы жағдайлар). Бұл тұрғыда автор мынандай қорытынды-тұжырым жасайды: ‘Билікке келген жас президент Ресейді әлемдегі ірі мемлекетке айналдыру тұрғысындағы өз мақсатын жасырмайды’; ‘Путин үшін – басты құндылық – мемлекеттің өзі’ (жасырын: қоғам мен халық мүддесі емес); ‘Бүгінгі күні Ресей Кеңес Одағы құлағаннан кейінгі әлемнің жаңа шектігі тұрғысындағы өз ниетін жасырмайды’.

Мұнан басқа автор, дүниежүзіндегі басқа мемлекеттер мен мекемелердің (ШОС-тағы Қазақстан серіктесі ретіндегі Қытай, АҚШ, Еуропа Кеңесі) Қырымның Ресейге қосылуына байланысты теріс қарым-қатынастарын айта отырып, осы жағдайдың себептерін іздестіреді Ресейге қарсы санкцияның Қазақстанға әсер ететінін тұжырымдай келе, автор Қазақстанның Ресеймен экономикалық одағының оң және теріс жақтарын көрсетеді. Соңында даму келешегінің жаңа сипатын ұсынатын тұжырымға келеді, нақты айтқанда: Қазақстан бұл жағдайда сыртқы экономикалық факторлардың ықпалын айтарлықтай сезінбейтін өз экономикалық жүйесін құруы тиіс. Және соған сәйкес экономикалық серіктесін таңдау қажет (...Қазақстан бұл жағдайда сыртқы экономикалық факторлар айтарлықтай ықпал етпейтін, дербес экономикалық жүйе құруы қажет. Экономикалық мүдделестерді де соған қарай таңдауы жөн).

Осы бөлім саясаткер Расул Жұмалымен сұхбат арқылы да танылады

«Кейбір мәселеде Путин Гитлерден де асып түскен сияқты» (В некоторых вопросах Путин, возможно, превосходит Гитлера).

Сұхбаттағы әңгіменің басты тақырыбы – Қырымның Ресейге қосылуы. Журналистің кіріспе сұрағы Интернет, әлеуметтік желілерде орын алған Ресейдің Қырымға қатысты басқыншылығын А. Гитлердің бұрынғы іс-әрекеттерімен салыстырған пікірлер тұрғысынан көзқарасын бөлісуді ұсынады. Бұл сияқты салғастырудың орындылығына жол бере отырып, Р. Жұмалы көрсетілген оқиғалар мен 1938 жылғы Гитлердің Чех Судетін басып алуы арасында тарихи параллель ретінде келтіреді, Гитлердің басқыншылық саясатының немен жалғасқанын еске түсіріп, В. Путиннің де қазіргі әрекеттерінің сол жылдардағы оқиғалармен ұқсастығы туралы тұжырымға келеді. Бұдан басқа, Жұмалы бұл оқиғалардағы айырмашылықтарды да атап өтеді. Егер 1938 жылы Гитлер тек судет немістерін қорғау туралы мәселені қойса, Путин Қырымның орыс қана емес, орыс тілді тұрғындары тұрғысынан да сөз қозғайды. Яғни, бөтен территорияға баса көктеуге орыс қана емес, орыс тілділер құқықтарының аяқасты етілуі (немесе шектелуі) де желеу бола алады. Осы сәтке орай Мемлекеттік Дума заңға өзгеріс енгізуге дайындық жасауда. Саясаткердің есептеуінше, Ресей төлқұжатының жедел түрде берілуі, Ресей азаматтығын алу заңының жеңілдетілуі орыс және орыс тілді тұрғындарды желеу ету арқылы өзгенің территориясын басып алу тұрғысындағы Путин идеясының келешекте алға басу мүмкіндігіне куәлік етеді.

Саясаттанушы журналистің халықаралық нормалардың Ресей тарапынан жоғарыда көрсетілген әрекеттері салдарынан бұзылу мүмкіндігі туралы сұрағына қоштаған жауап береді. Ол қандай халықаралық-құқықтық актілерде бұл нормалардың көрініс тапқанын, кейбір нормалар мазмұнын да айтып береді. Бұдан басқа, Қырымның қосылуына байланысты халық құқығының өз тағдырын өзі шешуі тұрғысындағы нормаға жасаған Ресей сілтемесін халықаралық нормаға және Украина Конституциясы нормаларына карама-қайшылықты екенін түсіндіреді; екіжақты стандарт саясаттың қолданылуын түсіндіреді, Шешен Республикасы мен Дағыстанға РФ Конституциясына сәйкес референдум өткізіп, РФ құрамынан шығуға мүмкіндік берілмеген жағдай, алайда тура осы мүмкіндікті Украина, Грузия, Молдоваға қатысты пайдаланылғаны аталады.

Жұмалы, сондай-ақ, бұл оқиғаның тек қана халықаралық заңды тұрпайы түрде бұзып қана қоймай, ТМД қауіпсіздігіне және тұтастай әлемдік қауіпсіздікке төнген қатер деп есептейді.

Жұмалы журналистің өзге мемлекет азаматтарына Ресейдің өз төлқұжаттарын беруінің халықаралық заңмен сәйкестілігі туралы сұрағына да жауап береді. Жағдай, хал-ахуал әр түрлі бола береді және бұл елдер арасындағы келісімге келу сипатымен байланысты. Көптеген елдер тек бір ғана азаматтылықты мойындайды, мысалы, Қазақстандағы, Украинадағы сияқты. Іс жүзінде екі азаматтылық орын алған жекелеген елдер де бар.

Мемлекеттің өз төлқұжатын басқа елдің азаматтарына беру дерегі халықаралық заңдарға және сол елдің Конституциясына күмансыз қайшы келеді. Алайда Ресей төлқұжаттарын Қырымға беру мәселесімен оның өздеріне қосылуынан кейін айналыса бастады. Грузиядағы басқаша жағдай болатын, Абхазия мен Оңтүстік Осетия азаматтарына ресейлік төлқұжаттарды беру 90-шы жылдардан басталып, 2008 жылға қарай бұл аймақтар тұрғындарының 80-90% қолдарында ресейлік төлқұжаттар болған. Және бұл 2008 жылы Путиннің Грузияның осы бөліктеріндегі ресейлік азаматтардың құқықтарын қорғау туралы әңгімесіне желеу болды. Жұмалының айтуы бойынша, біздің еліміз де бұл жағдайдан сабақ алуы тиіс, өйткені Қазақстанда да ҚР азаматтығынан шықпаған, бірақ ресейлік төлқұжаттарға ие болған азаматтар бар.

Журналистің скинхед сияқты фашистік ұйымдардың дамуына Путин билігінің қасақана мүмкіндік беріп отыруы туралы болжалды сұрағына Жұмалы Ресейдің Украина және басқа да мемлекеттердің ішкі істеріне араласуы жағдайында өзі-ақ сол елдерде фашистік ұйымдардың, нацистердің, бандершілдердің көбейе түсетінін растап отырғанын атап өтеді. Саясаттанушы мұны ресейлік саясаткерлер мен саясаттанушылар тарапынан ілінген жарлықтар, олардың амал-айласы деп есептейді. Ол Ресейдің мұндай қадамының терең себептерін түсіндіреді, бұл өз саясатымен қосылмай және онымен интеграциядан бой тартатындардың барлығын өзінің жауы деп жария ететін идеологиялық қағидаларында жатыр. Саясаттанушының тұжырымдауы бойынша, қазіргі Украинада «фашистердің», «русофобтардың» (орыстан үрейлену, қорқу), «бандершілдердің» т.б. билеп-төстеген жағдайы болған жоқ. Украинаның өз заңдарының орындалуын мемлекеттік, яғни украин тілін білу, Украин Конституциясын құрмет тұту және т.б. талап еткен жағдайлар болды. Саясаттанушы Украинаның азаматтардан мемлекеттік тілді білу туралы талабына байланысты Ресей тарабынан пайдаланылатын екі жақты стандартты айтады. Бір жағынан, Ресей 90-шы жылдардан бастап орыс тілін екінші мемлекеттік тіл ретінде мойындауларын қалап, Украинаға қатты қысым көрсетіп келеді, сөйте тұра украин тілін мойындамайтындарға жеңілдіктер көрсетуге міндеттейді. Басқа жағынан, Ресейдің өз ішінде орыс тілін білмей оның азаматтығын алу мүмкін емес, еңбек мигранттары ену визасын алу үшін және уақытша жұмысқа орналасу үшін орыс тілі мен әдебиетінен емтихан тапсырулары тиіс.

Жұмалы журналистің Ресейде ұлтшыл, фашистік, нацистік қозғалыстардың өсуі мүмкіндігі тұрғысындағы болжамын жоққа шығармайды. Жириновский сөзін еске түсіреді («Россия – государство для русских!», «Россия – для русских!», оның ұсынысы Кавказды тікенек сыммен қоршау, үшінші баланың туылуына айыппұл төлетуді енгізу), бұлар саясаттанушының пікірі бойынша, Гитлер сөзінен де асып түседі, алайда бұл не Ресей президенті тарапынан, не билік пен мемлекеттік Дума тарапынан өзінің тиісті бағасын алған жоқ. Оның орнына жылдан жылға орыс

еместерге қатысты қылмыстар саны өсіп отыр, оның ішінде, өз Ресей азаматтарына да қатыстылары да өршіп тұр: якуттерге, тувалықтарға, алтайлықтарға, кавказдықтарға қатысты. Саясаттанушының есептеуі бойынша, орын алып отырған орыстандырудың нәтижелері болуы мүмкін. Қалай болғанда да, қазіргі Ресейде бір ұлттың асырылып, басқасының кемсітілуі кеңінен таралып отыр және бұл сұхбат беруші атап көрсеткендей, аса қайғылы әрі қауіпті үрдіс. Әлеуметтік желілерде атап көрсетілгендей, Ресейге келушілердің, оның ішінде, орыстарға және орыс тілділерге ниеттестердің де саны азайған. Және бұл құқық қорғаушы органдар, ресми билік тарапынан фашистік құрылымдарды ауыздықтау тұрғысындағы әрекеттердің орындалмауы, сондай-ақ ұлтаралық қақтығыс сипатындағы көптеген қылмыстарды әдеттегі тұрмыстық ретінде саралау жайынан ойлауға мәжбүр етеді. Егер бұл қылмыстарға балта шаппаса, шара қолданбаса және айыптамаса, онда олардың өздерінің бұған мүдделі болуы мүмкін.

Журналист сұрақтарының соңғы топтамасы «Гитлер – Путин» тақырыбына қатысты, сондықтан журналдың екінші тақырыптық желісін мейлінше нақты әрі терең таразылау үшін біз сұхбаттың осы бөлігін келтіре отырып, оның өз тарапымыздан жасалған аудармасын (Лингвистикалық қорытындының орыс тілінде бар) төменде ұсынамыз.

– Гитлер алғаш 1933 жылы билікке келген кезінде «Неміс халқы бәрінен мықты!» деген сияқты ұран көтеріп, сонда бүкіл Германия халқы оны түгелдей қолдап кетіпті. Путин Қырымға байланысты мәселелер көтеріп, оны өзіне қосып алғанда Ресейдің белгілі зиялылары мен өнер қайраткерлерінің бірен-сараны болмаса, негізінен, Путиннің қадамын қолдады. Соның өзі бізді таңғалдырды, әрі ойландырды...

Путин билік басына 2000 жылы келді. Бұл – содан бергі 14 жылда халықтың миына сіңіріліп келе жатқан насихаттың нәтижесі. Сол уақыттан бастап Ресейдің ерекше мемлекет екендігі, орыс халқының ұлылығы туралы насихат үздіксіз жүргізілуде. Тіпті кезінде ресейліктердің өздерінің қанын суша ағызған Иван Грозный сияқты патшаны, Сталин, Берия сияқты қандықолдарды мадақтауда. Бұның барлығы империялық, бұрынғы державалық сана-сезімді ояту, мейлінше халықтың бойына сіңіру үшін жасалып жатыр деп ойлаймын. Осы арқылы халықты біріктіру идеясын жүзеге асыруда.

– Мұндай идеялар Ресейге не үшін керек болып отыр?

– Қазіргі Ресей мен бұрынғы Германияны осы жерде тағы бір рет салыстыра кетуге болады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңында Германия жеңіліп, өзінің державалық сипатынан айрылып қалған болатын. Сондай жағдайда Гитлер ұлттық дағдарысқа ұшыраған неміс ұлтына «Біз еңсемізді тіктеп, есімізді жиып, жіберіп алған есемізді қайтаруымыз керек!» деген ұран тастап, жеңіске жетті, билікке келді. Сондықтан да Гитлердің нацистік идеясы бүкілхалықтық қолдауға ие болды. Белгілі бір дәрежеде Ресейдің де бүгінгі жағдайы соған ұқсас. Себебі 1991 жылы Кеңес

Одағының ыдырауы Ельцин бастаған демократиялық күштердің өкілдері үшін азаттықтың, демократияның бастауы болса, Путин сияқтылар үшін орасан зор апат болды. «Бұл Ресей үшін ХХ ғасырдағы ең үлкен геосаяси апат болды» – деп Путиннің өзі де айтқан. Осы тұрғыдан алғанда, олар соңғы 20 жылдың бедерінде өздерін дағдарысқа ұшыраған, империялық мәртебесін жоғалтқан, еселері кеткен мемлекет ретінде сезініп келді. Мүмкіндігінше бұрынғы империялық мәртебесін қалпына келтіру, сол идеяға бүкіл Ресей азаматтарын сендіру – Путиннің бүгінгі бірден-бір мақсаты.

– Бірақ Ресейдің өзінде де шешілмей жатқан мәселелер шашетектен емес пе?

– Иә, бүгінгі Ресей – әлемдік үлкен державалармен салыстырғанда, экономикасы, технологиясы дамымай жатқан, артта қалған мемлекет. Халықтың әлеуметтік, демографиялық жағдайы да нашар. Ресей халқының жалпы саны шамамен 140 миллиондай болса, жылына 1 миллионға жуық Ресей азаматтары сыртқа, Еуропа елдеріне, Америкаға кетіп жатыр. Ресейде тұрғысы жоқ. Ойланып қарайтын болсақ, дені дұрыс мемлекеттен ешкім қашпайды ғой. Яғни Путин бастаған билік қазір осындай ішкі мәселелерін шеше алмай отыр. Енді кінәні біреуден іздеу керек емес пе? Сол себепті олар кінәні Путиннен алып тастап, Америкаға, НАТО-ға, Еуропаға артып қоймақшы, «біздің нашар тұрып жатқанымызға – солар кінәлі» демекші.

– Алайда Путиннің бұл басқыншылық саясатына қарсы шығушылар да бар сияқты...

– Әрине, қазіргі Ресейдің барлық азаматтары, зиялылары Путиннің сөзіне сеніп отыр дей алмаймын. Макаревич, Шевчук, Познер сияқты зиялы қауым өкілдері Украинадағы жағдайға байланысты өз пікірлерін ашық айтуда.

– Тіпті осыған байланысты «Машина времени» тобының жетекшісі Андрей Макаревичті қудалап та жатқан көрінеді...

– Ресей сөз жүзінде өзін пікір алуандығы бар демократиялық мемлекет десе де, шын мәнінде олай болмай отыр. Кезінде Гитлер де өзімен келіспейтіндердің біреуін өлтіріп, екіншісін түрмеге отырғызып, барлығының аузын жапқан болатын. Путиннің бүгінгі саясаты да осыған келеді. Осыған қатысты бір-екі мысал айтып берейін. Иә, Қырымды басып алуға қарсы шыққаны үшін Макаревичке өте қатты қысым көрсетіліп отыр. Оның барлық наградаларын тартып алу, өзін Ресейден қуып шығу т.с.с. әңгімелер айтылуда. Ресейдің Мемлекеттік думасында Қырымға қатысты заң қабылданғанда, қарсы дауыс берген жалғыз депутат Илья Пономаревті думадан қуып шықты. Оған қаншама қысым жасалды. «Оның саяси карьерасы осымен бітті» деген сөздер айтылуда. Яғни бұл – «кім бізбен келіспейтін болса, сол біздің жауымыз» деген жабайы ұстаным.

- Гитлер в 1933 году в период прихода к власти бросил призыв «Немецкий народ превыше всех!», тогда вся Германия поддержала его. Когда

Путин поднял вопросы, связанные с Крымом, присоединил его, известные ученые и творческая интеллигенция, за некоторым исключением, поддержали действия Путина. Это нас удивило и заставило задуматься...

- Путин пришел к власти в начале 2000 года. То, что мы имеем – это результат пропаганды на протяжении 14 лет. С того времени непрерывно распространялись идеи об особости Российского государства, о величии русской нации. В свое время даже восхвалялись царь Иван Грозный, потопивший Русь в крови русских, обагрившие руки кровью Сталин, Берия. Считаю, что все это делается для пробуждения имперского, державного самосознания, для более глубокого проникновения этих идей в сознание народа и тем самым для реализации идеи объединения народа.

-Зачем нужны эти идеи России?

- Здесь можно опять сравнить современную Россию и тогдашнюю Германию. В Первой мировой войне побежденная Германия лишилась своего державного статуса. В этой ситуации Гитлер обратился к оказавшемуся в национальном кризисе немецкому народу с призывом «Мы должны восстать духом, собраться с мыслями и вернуть упущенное!» и победил, пришел к власти. Поэтому нацистские идеи Гитлера овладели массами. С этим в определенной степени схоже и современное состояние России. Причина в том, что если в 1991 году распад Союза, который был для поддержанных Ельциным представителей демократических сил началом независимости, демократии, то для таких, как Путин, это стало большим бедствием. «В 20 веке это стало для России самым большим геополитическим бедствием», - так говорил сам Путин. Если смотреть с этих позиций, они на протяжении 20 последних лет ощущали себя подвергшимся кризису, потерявшим статус империи, униженным государством. По возможности вернуть прежний имперский статус, заставить поверить в эту идею граждан всей России – вот сегодняшняя цель Путина.

- Однако ведь в России есть и множество других нерешенных проблем?

- Да, сегодняшняя Россия в сравнении с крупными мировыми державами представляет собой отстающее государство с плохо развитой технологией. У нее незавидное социальное и демографическое положение народа. Численность российского народа около 140 миллионов, из них ежегодно около 1 млн российских граждан уезжает в европейские страны, в США. Не хотят жить в России. Если задуматься, из развитого государства никто не уезжает. То есть правление Путина не может решить внутренние проблемы. В этом случае разве не ищут виноватого? По этой причине вина возлагается не на Путина, а на Америку, НАТО, Европу, как виноватых в бедственном положении россиян.

- Тем не менее вроде были противники этой агрессивной политики Путина...

- Конечно, я не могу думать, что все граждане России, передовая ее

часть верят словам Путина. Такие представители передовой интеллигенции, как Макаревич, Шевчук, Познер открыто высказали свою позицию относительно событий в Украине.

- Оказываемся, руководитель группы «Машина времени» Андрей Макаревич подвергается гонениям в связи с этим...

- Несмотря на то, что в своей риторике Россия утверждает себя демократическим государством, на самом деле это не так. В свое время Гитлер несогласных с ним одних убивал, других сажал в тюрьмы, всем закрывал рты. На это похожа и сегодняшняя политика Путина. Приведу два примера. На Макаревича оказывается сильное давление из-за его несогласия с захватом Крыма. Ходят разговоры, что у него собираются отобрать его награды, выгнать из России и т.п. Когда в Госдуме принимали закон, связанный с Крымом, против проголосовал лишь Илья Пономарев, изгнанный затем из Думы. На него тоже оказывалось давление. О нем говорят, что его политическая карьера окончилась. То есть это действие примитивной установки – «кто не с нами, тот наш враг».

Осылайша, аталмыш бөлімде келтірілген екі сұхбатта Қырым тәуелсіздігінің жария етілуі, оның Ресейге қосылуы сияқты өзекті оқиғалар талқыланатын тақырып ретінде орын алады. Белгілі болғанындай, бұл оқиғалар Украинаның өзінде, посткеңестік республикаларда, сондай-ақ Батыста да әр түрлі реакциялар тудырды. Шыңғыс Ергөбек пен Расул Жұмалы осы оқиғалардың түрлі аспектілеріне назар аударады, мүмкін алғышарттарды, себептерді талдай отырып, өз позицияларын еркін баяндайды.

Журналдың үшінші бетінде сөйлеп тұрған Гитлер суретімен және «Мазмұны» айдарымен бірге А. Гитлердің «Майн Кампф» кітабынан сілтеме келтірілген, онда фюрер азиаттарға (қазақтарға) еншіленген рөлді нұсқап тұр: өз малын бақтыру, етпен қамтамасыз ету арқылы Үшінші Рейхке қызмет ету және оған бодандығына қуану.

Сөйтіп, «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының (2014 ж. №8 саны) идеялық-тақырыптық мазмұнының талдауы оның оқырманды Адольф Гитлердің жеке және саяси өмірінен хабардар етуге, Германияның соңғы фюрері тұлғасының қалыптасу жолын көрсету үшін, оның идеясының тұтас адамзатқа қырғын әкелетінін, түрлі адамдар тарапынан оның тұлғасының бірімәнді қабылданбайтынын, сондай-ақ Ресей президенті В.Путиннің Қырымды Украинадан бөліп алып, оның РФ құрамына енуімен байланысты кейбір әрекеттерін бағалау үшін, Қазақстан билігін Ресей президентінің сыртқы саясаттағы осы сияқты іс-әрекеттері салдарынан сақтандыру үшін мағыналық бағытталғанын көрсетеді. А. Гитлер туралы тақырыптың ашылуы нақ осы геосаяси оқиғалармен шарттасады.

2 сұрақ. Зерттеуге ұсынылған материалдарда қандай да бір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни топқа қатысты аса

жағымсыз бағаны қамтитын, я жеккөрушілікті, араздық қарым-қатынасты білдіретін сөйленістер бар ма? Зерттеуге ұсынылған мәтіндерде азаматтардың діни, таптық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатысына қарай артықшылығын я кемістігін насихаттауды қамтыған сөйленістер бар ма? Зерттеуге ұсынылған материалдарда қандай да бір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни топ туралы қорлау мағыналарында, жағымсыз формада білдірілген сөйленістер бар ма?

- 2014 жылғы «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының сегізінші санында қандай да бір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни топқа қатысты аса жағымсыз бағаны қамтитын, я жеккөрушілікті, араздық қарым-қатынасты білдіретін сөйленістер жоқ.

- Насихат деп ауқымды топ тұлғалары арасында қандай да бір көзқарастарды, идеялар мен түсініктерді мақсатты түрде тарату немесе қандай да бір әрекеттерге түрткі болуды айтады. Насихат – бұл талқыланатын түсініктер түріне ие мақсатты ақпараттық ықпал ету, қандай да бір идеялар, ілімдер, көзқарастар, қағидалар, тұжырымдардың талқысы.

Зерттеуге ұсынылған мәтіндерде азаматтардың діни, таптық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатысына қарай артықшылығын я кемістігін насихаттауды қамтыған сөйленістер жоқ.

Мәтіннен үндеу қамтылған сөйленістер анықталған жоқ.

- Журналдың талданылып отырған нөмірінде қандай да бір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни топ туралы қорлау мағыналарында, жағымсыз формада білдірілген сөз жоқ.

3 сұрақ. Аталмыш журнал мақалаларында экстремизмді ақтау белгілері бар ма?

Экстремизмнің тұрмыстық және арнайы құқықтық түсініктері ажыратылады (лат. Extremus – ақырғы, тығырықты) тығырықты көзқарастар мен өлшемдерге берілгендік тұрғысынан түсініледі (әдетте, саясатта) (1, 15-18 б.).

Қылмыстық құқықтың термині ретіндегі экстремизмнің дефинициясы ҚР заңында баяндалған, мұнда «экстремизм - жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды

тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, өкіметті күшпен басып алуды немесе өкіметті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

Бұл құқықтық ұғымды деталді түрде қарастыратын болсақ экстремистік әрекеттің келесі түрлерін атауға болады:

- конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды,
- мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді,
- өкіметті күшпен басып алуды немесе өкіметті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды,
- әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);
- нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);
- діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және (немесе) жасауы.

Ақпараттық материалдарды экстремистік деп тану үшін олар екі өлшемнің - функционалды және мазмұндық - үрдісінен шығуы керек.

Функционалды өлшем ақпараттық материалдардың халыққа жария ету үшін тағайындалуы тиіс екенін білдіреді, яғни ақпараттық материалдардың құқықтық бағасы онда экстремизм белгілерінің бар болуы тұрғысынан оның көпшілікке таратыла бастаған уақытынан бастап не олардың өнідірісі мен сақталу жағдайларынан шыға отырып берілуі мүмкін (24, 30 б.).

Мазмұндық өлшем таратылған ақпараттық материалдарда жоғарыда аталған заңда көрсетілген мақсатқа бағытталғандық сипатының бар болуын білдіреді (экстремизмнің жоғарыда көрсетілген үш түрі – бұл мақсаттық өлшем бойынша жіктеудің нәтижесі). Егер материалдардың мазмұны экстремистік әрекетке оң (қолдайтындай) қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған болса, онда ол материал экстремистік болып таныла алады. Заңның дефинитивтік нормасына сәйкес, «экстремистік материалдар — экстремистік әрекеттерді жүзеге асыруға үндейтін я оны жүзеге асырудың қажеттілігін дәйектеуші немесе ақтап шығарушы басқа тасығыштардағы халыққа жария ету үшін я тарату үшін тағайындалған кез келген құжаттар я ақпараттар».

Көріп отырғанымыздай, заң экстремизмге оң қарым-қатынасты білдірудің үш тәсілін ажыратады: 1) экстремистік әрекетті жүзеге асыруға үндеу; 2) экстремистік әрекетті жүзеге асырудың қажеттілігін дәйектеу; 3) экстремистік әрекеттің қажеттілігін ақтау.

Әрекетке үндеу түрткі салу тұрғысындағы грамматикалық модалдық конструкцияларда етістіктің бұйрық райын қолдану арқылы білдіріледі («ұрындар», «соғындар», «ұрып жығындар», «өртеңдер» «өлтіріңдер», «бұзындар», «жарындар» / «бейте», «жгите», «убивайте», «взрывайте»).

Әрекеттің қажеттілігін дәйектеу түрткі салу тұрғысындағы грамматикалық конструкцияларда етістіктің шартты райын қолдану арқылы немесе модаль сөздер мен етістіктердің тіркесуі арқылы білдіріледі («солай болса жақсы болар еді», «солай болғанын қалар едік», «қажет», «керек», «талап етіледі, қажет етіледі, керек болады»). Әрекеттің қажеттілігін дәйектеудің ұғымдық-семантикалық белгілеріне автор тарапынан оған байланысты оң, қолдайтын қарым-қатынастың білдірілуі болып табылады.

Әрекеттің қажеттілігін ақтау іске асырылып қойылған әрекеттің оң бағасын қамтиды, әрекеттің елеулі себептерінің, негіздемелерінің бар екенін көрсете отырып, сол әрекеттің жасалуын және таңдалып алынуын жөн, дұрыс деп мойындау, сөйтіп, тікелей емес, тек жанама түрде келешектегі соған

ұқсас әрекетке түрткі салуы мүмкін (24, 32 б.). Мысалы, «Иә, сіздер сығандарды ел төңірегінен қуып шығып, дұрыс жасадыңыздар, өйткені олардың барлығы ұры, алаяқтар, түрлі ауруларды таратады» немесе «Мен Холокостке оң көзқарас танытамын, өйткені еврейлер (жөйттер) жоғары нәсілге жатады да, Германияға, сондай-ақ тұтас адамзатқа қауіп төндіреді» деген сөйлемдерде ұлттық экстремизмді ақтау мәнісі қамтылар еді. Сөйтіп, екінші сөйлемде герман нацистері тарапынан еврейлерге қарсы геноцидке себептерін көрсете отырып, оң баға беріліп, бұл келешекте осыған ұқсас әрекетке түрткі болуы мүмкін еді. (Бұл сөйлемдер аталмыш журналда жоқ. Мысал ретінде өзіміз келтіріп отырмыз).

Біз екі қақтығысты ақпараттық материалды қарастырамыз, олар «Сауалнама» (Опрос) бөлімінің компоненттері болып табылады. Бірінші материал – «Гитлер – фашист емес» мәтіні, Нағашыбай Есмырзаның жауабында қамтылған.

Н. Есмырза пікірі мазмұнының лингвистикалық талдауы мына төмендегі жайларды көрсетеді: онда саяси, ұлттық, діни, қандай да болсын экстремизмді ақтайтындай семантикалық компонент жоқ (орын алмаған). Оның қақтығысты пікірі келесі сөйлемдерде көрініс тапқан: *Гитлер өз ұлтының болашағы үшін күрескен нағыз ұлтшыл және ешқашан өтірік айтпаған адам; Рас, ол эксперимент жасады, бірақ оныкі большевиктер жасаған эксперименттің қасында түк те емес еді; Өз басым 1941 жылдың 22 маусымында Гитлер өзінің ең басты ерлігін жасады деп есептеймін.* Бірінші сөйленісте ол (сөйлеуші) Гитлердің фюрерлік әлеуметтік рөлімен анықталатын оның функционалдық және жеке басының қасиеттеріне оң субъективтік мінездеме береді (яғни, көсем, көшбасшы, жолбасшы ретінде): *өз ұлтының болашағы үшін күрескен нағыз ұлтшыл және ешқашан өтірік айтпаған адам.* Екінші сөйленісте, Гитлердің «эксперименттерін» мойындай отырып, ол оларды большевиктердің эксперименттерімен **салыстырады да, құрбандық санына қарай оларға орамды түрде баға береді: түкте емес** сөзін контексте сөйлеуші өз жауаптарында «аз, болмашы» (құрбандық) деген мағынада қолданады. (Шамамен, большевиктік кезең бастауы ретіндегі 1917 жылғы төңкеріс салдары туралы жалпылама сөз болып отыр: «қызыл террор туралы» (1917 – 1923 жылдары), Лениннің 1918 жылғы бұйрығы бойынша құрылған концентрациялық лагерлер туралы; «сталиндік террор» туралы (1920-шы жылдардың аяғы —1950-ж. басы) және Сталиннің еңбек лагерлері туралы, тоталитаризм жүйесі және т.б.). Тікелей сталиндік репрессия құрбандарының саны (саяси (контрреволюциялық) қылмыстары үшін өлім жазасына кесілген немесе бас бостандығынан айырылғандардың, айдалғандардың немесе Қазақстандағы ашаршылық нәубетіне ұшырағандардың) саны миллиондап есептеледі. Жаппай қуғын-сүргін

(репрессия) кезеңі 1937—1938 жылдарға тұстас келеді.

Үшінші сөйленісте 22 маусым 1941 жылды Гитлердің ерлігі ретінде сипаттай келе, сөйлеуші оған елді басқыншылардан құтқарған халық көсемі ретінде оң мінездеме береді. Сөйлеуші, шын мәнісінде, Екінші дүниежүзілік соғыс пен Ұлы Отан соғыстарының тұтануына жауапкершілікті мойнына артушы субъектілер туралы кең орын алған пікірталаста өз көзқарасын білдіреді. Бұл тақырып бойынша орын алған көптеген көзқарастардың бірі мына келесі – ‘кеңес коммунистері өз мақсаттарын ашық жария етті: бүкіл әлемді азат ету, ал Еуропаны – бірінші кезекте; Сталин Еуропаны соғысқа тартқысы келді; Сталин гитлерлік Германиямен болатын соғыстан сытылып шығу мүмкін емес деп есептеді, оған ауқымды әрі жан жақты даярлық жүргізді және бірінші болып соққы беруге әзірленді, яғни Германияға қарсы шабуыл жасау, алайда Гитлер ескерту соққысын беріп, оның барлық жоспарын бұзды. Германияға шабуыл жасау бұл елді мүлдем дағдарысты жағдайға қалдырып, 22 маусым 1941 жылғы кеңестік Ресейге жасалған шабуыл Германияның құтқарылуына жол болушы еді’. Үшінші сөйленіс өзіндік дәйектемелік бөлім болып табылады, онда автордың осы көзқарасын негіздейтін дәлелдер келтіріледі.

Сөйтіп, Н. Есмырзаның қарастырылған сөйленістері мен ой-пікірлері қақтығысты пікірлер ретінде таныла отырып, **қандай да бір экстремистік әрекеттерді ақтау мәнісін қамтымайды.** Функционалдық өлшем бойынша бұл ақпараттық материал жария етуге тағайындалған, алайда мазмұндық өлшем бойынша ол экстремистік материал ретінде таныла алмайды. Бұл сөйленістерде:

1) қоғамның басым бөлігінің көзқарасы тұрғысынан алғанда, қандай да бір нақты түрде орын алған жағымсыз әрекет көрсетілмейді.

2) бұл әрекеттердің оң бағасы орын алмаған, және соған сәйкес, әрекеттің елеулі себептерінің, негіздемелерінің бар екеніне нұсқау берілмеген, әрекеттің жасалуын және тандалып алынуын жөн, дұрыс деп мойындауға нұсқау көрсетілмеген.

3) осыған сәйкес Н. Есмырзаның осы сөйленістерінің мазмұнынан келешектегі осыған ұқсас әрекетке жанама түрде түрткі болуы тұрғысынан тұжырым жасалынбайды.

Экстремистік деп танылуы мүмкін сөйленістердің міндеттері мейлінше орын алуы мүмкін заңға қарсы (экстремистік) әрекеттерге оң (қолдайтын) қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында аудиторияға эмоционалды ықпал ету болып табылады. Бұл өлшем бойынша қандай да бір идеяны,

көзқарасты, сенімді насихаттаудан онсыз да өзі-ақ насихат болып табылмайтын көпшілік алдында пікір білдіруді ажырата білу қажет (24, 145 б.). Нағашыбай Есмырза сауалнама респонденті ретінде БАҚ-тағы пікірталас немесе ғылыми пікірталас барысында дау нысаны болатын тұлға, құбылыс, оқиға мен жағдайларға байланысты өзінің жеке көзқарасын білдірген. Шын мәнісінде, А. Гитлердің қылмескер екені, миллиондаған адамдар опатының айыпкері екені журнал мазмұнының тұтас мазмұнында айдан анық өрілген. Бір адамның көпшілік пікіріне кесе көлденең келетін бағалауыштық пайымы да, пікірі де, – аталмыш соғыс тақырыбына және тұлғаның тарихтағы жағымсыз рөліне қайта айналып соғудың және өткен шақ пен қазіргі т.б. уақыттың арасында паралель жүргізудің желеуі.

«Гитлер – фашист емес» айдарымен берілген материал лингвопрагматикалық аспектіде журнал контекстінен тыс қарастырыла алмайды, сол контекстен жұлынып алып зерттеле де алмайды, тек журналдың макроқұрылымының құрамдас, ажырамас бөлігі ретінде ғана қарастырылуы тиіс. «Гитлер – фашист емес» мәтіні журналдың тұтас мазмұнының, оның тұжырымдамасының міндетті мағыналық компоненті ретінде танылады. Бұл материалдың қолданылуы журнал редакциясы тарапынан түрлі адамдардың А. Гитлер тұлғасын бірімәнді қабылдамайтынын көрсету ниетінен туындаған.

Аталмыш журнал санының екінші даулы компоненті – бұл тарихшы Мырзағали Хасеннің А. Гитлердің «Майн кампф» кітабына байланысты сөзі ... *«Гитлердің «Майн кампф» деген кітабын оқыдым. Оның құпия сақталған себебі – көп мәселелер дұрыс жазылғандығында жатыр»* фразасында берілген, ол оның жауаптарының жалпы мазмұнының тұтастығындағы контексте қарастырылуы тиіс. Сөйтіп, Мырзағали Хасен Гитлерді тұтас адамзаттың және барлық ұлттардың жауы деп есептейді, өйткені А. Гитлер ариялық неміс ұлтты бүкіл әлемді билеуге, басқаруға толық құқылы, басқа халықтарды құлдықта ұстауға, оның ішінде, азиаттар мен славяндарды қырып-жою тұрғысындағы идеяның құрсауында болды.

(қараңыз: Қосымша 1). Мырзағали Хасен Гитлерді соғыстың тұтануына бірден бір кінәлі, миллиондаған адамдардың өліміне жауапты деп есептейді.

М. Хасен А. Гитлердің тұлғасына қатысты өз бағасында оқырмандарды оның бейнесін (фигурасын) тек нақұрыстау фюрер тұрғысынан қарадүрсін қабылдаудан сақтандырады, өйткені Гитлер керемет ұйымдастырушы, саясаткер, аса шешен болғандықтан өзінің ұлтшылдық идеяларын халыққа шебер жеткізе білді. Гитлердің бұл қасиеттерін оның өмірбаянын зерттеген

биографтар мен нацизмді зерттеуші ғалымдар атап көрсеткен.

Гитлер кітаптарына тыйым салыну себептерін М. Хасен онда көтерілген көптеген мәселелердің дұрыстығынан (объективтілігінен) деп есептейді: (*«Гитлердің «Майн кампф» деген кітабын оқыдым. Оның құпия сақталған себебі – көп мәселелер дұрыс жазылғандығында жатыр» Және логикасы мықты, неміс халқы үшін ұлттық социализм құрудың негізі. – Я читал книгу Гитлера. Причина ее запрета кроется в объективности, правильности изложения многих вопросов. Кроме того, в его рассуждениях крепкая логика, для немецкого народа это основные положения создания национал-социализма).*

Психолингвистика тұрғысынан Гитлер кітабының анықталған бір бөлігі туралы бұл сияқты көзқарас, біздің пікірімізше, М. Хасеннің мамандығына, тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты болуына да орай сияқты. Көптеген адамдар бұл кітапты оқыған жоқ, бірақ априори оның тұтас мазмұны адамзатқа зор залал келтіретінін сөзсіз зиянды деп есептейді. Алайда мамандар үшін, бәрінен бұрын тарихшылар үшін, бұл кітап ғылыми қызығушылықты тудырады, өйткені онда Екінші дүниежүзілік соғыстың жүзеге асуындағы идеялар көрініс тапқан. Және сондықтан оның мазмұны мамандар тарапынан ғылыми-сыни сараптауға ұшырайды. «Сарап» бөлімі Уинстон Черчилльдің «Вторая мировая война» кітабынан алынған «Адольф Гитлер» бөлімінің үзінділерімен танылады. Өз кітабының бұл үзіндісінде танымал британ саясаткері А. Гитлердің «Майн кампф» кітабына Германия фюрерінің саяси философиясын баяндаған трактат ретінде сипаттама береді (Уинстон Черчилль кітабының бұл бөлімінің орыс тіліндегі аудармасы 3 Қосымшада беріледі. Бұл кітаптың ғалымдар тарапынан жүргізілген ғылыми зерттеуі Гитлер еңбегінің анықталған танымдық құндылықтарға объективті түрде ие екені тұрғысынан тұжырым жасауға мұрындық болады. Ол бертінгі, өте көне емес уақыттың кейбір әлі мәлім емес немесе аздап қана мәлім деректерімен және оқиғаларымен таныстырып, сол уақытта жаудың саяси және әскери лагерінде не болып жатқаны туралы біздің танымдымызды кеңейтіп, толықтырады. Онда оны сол өзінің жасаған іс-әрекеттеріне түрткі болған мотив, желістер ашылады, Гитлер және вермахттың жоғарғы басшылығы (командованиесі) тарапынан қабылданған шешімдер механизмінің сирек әлемдік-тарихи сипаты көрсетіледі. Сондықтан автордың естеліктері оның ниеті мен көзқарастарына тәуелсіз түрде әшкерелеушілік сипатқа ие. Сондықтан бұл кітаптағы ақпараттардың анықталған бөлігінің объективті сипатқа ие болуы әбден мүмкін.

Даулы сөйленістегі ақпараттың өзі бағалауыштық пайым түрінде білдірілген, онда сөйлеуші дұрыс сын есімі арқылы кітаптың анықталған

қағидаларына оң баға береді.

Респондент өзінің бұл ойын нақтыламайды, яғни Гитлердің қандай тұжырымдарына (деректік, бағалауыштық және т.б.) бұл бағаның қатысты екенін атап өтпейді.

Сөйтіп, Мырзағали Хасеннің өз жауаптары контекстінде қарастырылған сөйленістері қақтығысты пікір білдіру болып табылады, және қандай да бір экстремизм түрін ақтау белгілерін қамтымайды. Ол экстремистік материал деп таныла алмайды, өйткені онда: 1) қоғамның басым бөлігінің көзқарасы тұрғысынан алғанда, қандай да бір нақты түрде орын алған жағымсыз әрекет көрсетілмейді, 2) соған сәйкес, ол әрекеттердің оң бағасы да берілмейді, 3) соған орай, әрекеттің елеулі себептерінің, негіздемелерінің бар екеніне нұсқау берілмеген, әрекеттің жасалуын және таңдалып алынуын жөн, дұрыс деп мойындауға нұсқау көрсетілмеген, 4) соған орай, Мырзағали Хасеннің осы сөйленістерінің мазмұнынан келешектегі осыған ұқсас әрекетке жанама түрде түрткі болуы тұрғысынан тұжырым жасалынбайды.

Сөйтіп, М. Хасен Гитлер тұлғасына, оның нәсілшілдік идеяларына қатысты аса жағымсыз, теріс баға береді, оқырманды оны тек нақұрыс фанатик тұрғысындағы қателікті түсініктен бас тартуға кеңес береді. Мұнымен бірге, Мырзағали Хасеннің Гитлер кітабында көтерілген мәселелердің көпшілігі объективті, дұрыс деген пікірі қақтығысты сөз болып табылуы мүмкін, алайда ол қандай да бір экстремизм түрін ақтауды қамтыған сөйленіс болып табылмайды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

1. «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының 2014 жылғы №8 санының идеялық-тақырыптық мазмұнының талдануы оның өзара ажырамас екі тақырыптық бағытта өрілгенін және оның мағыналық бағыттылығы мынадан тұратынын көрсетеді: 1) оқырманды Адольф Гитлердің жеке және саяси өмірінен хабардар етуге, Германияның соңғы фюрері тұлғасының қалыптасу жолын көрсету үшін, оның идеясының тұтас адамзатқа қырғын әкелгенін, сондай-ақ 2) Ресей президенті В.Путиннің Қырымды Украинадан бөліп алып, оның РФ құрамына енуімен байланысты кейбір әрекеттерін бағалау үшін, Қазақстан билігін Ресей президентінің сыртқы саясаттағы осы сияқты әрекеттері салдарынан сақтандыру үшін мағыналық бағытталғанын көрсетеді. А. Гитлер туралы тақырыптың ашылуы нақ осы аса өзекті геосаяси оқиғалармен шарттасады.

2. Зерттеуге ұсынылған материалдарда қандай да бір әлеуметтік,

ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни топқа қатысты аса жағымсыз бағаны қамтитын, я жеккөрушілікті, араздық қарым-қатынасты білдіретін сөйленістер жоқ, азаматтардың діни, таптық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатысына қарай артықшылығын я кемістігін насихаттау қамтылған сөйленістер орын алмаған, қандай да бір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни топ туралы қорлау мағыналарында, жағымсыз формада білдірілген сөйленістер жоқ.


3. «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының 2014 жылғы №8 санында жарияланған материалдарда экстремизмді ақтау белгілері жоқ.

Маман, доцент



Р.Д. Карымсакова

Маман, доцент



А.К. Таусоғарова

**Араздықты тұтандыру тұрғысындағы істер бойынша нысандарды
зерттеу үдерісінде пайдаланылған
ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ
Негізгі сөздіктер**

1. Большой толковый словарь русского языка /Под ред. С.А.Кузнецова. СПб., 2002.
2. Ожегов С.И. и Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. М., 2004.
3. Словарь русского языка: В 4-х т. / Под ред. А.П. Евгеньевой. Т.1. М., 1985.
4. Т. Ф. Ефремова. Новый толково-словообразовательный словарь русского языка. М., 2000 (www.bookshunt.ru/b2969_novij_tolkov)
5. Стилистический энциклопедический словарь русского языка / Под ред. М.Н. Кожинной. – М.: Флинта: Наука, 2003.
6. Толковый словарь современного русского языка. Языковые изменения конца XX столетия/ Под ред. Г.Н. Складневской. – М.: Астрель, 2005.
- 7 Матвеева Т.В. Учебный словарь: русский язык, культура речи, стилистика, риторика / Т.В.Матвеева. – М.: Флинта: Наука, 2003.
8. Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990.
9. Исаев М.И. Словарь этнолингвистических понятий и терминов. М.: Наука, 2003.
10. Крысин Л.П. Толковый словарь иноязычных слов. М.: Эксмо, 2008.
11. Большой энциклопедический словарь. М.: Советская энциклопедия, Фонд «Ленинградская галерея», 1993; «Краткая литературная энциклопедия» в 9 томах; М.: «Советская энциклопедия». 1962—1978г.г.
12. Культура русской речи: Энциклопедический словарь-справочник / Под ред. Л.Ю. Иванова, А.П. Сковородникова, Е.Н. Ширяева и др. Статья «Памфлет». – М.: Флинта: Наука, 2003.

Негізгі монографиялар, анықтамалар, оқу құралдары және т.б.

13. Понятия чести, достоинства и деловой репутации: Спорные тексты СМИ и проблемы их анализа и оценки юристами и лингвистами. Изд. 2-е, перераб. и доп. М., 2004.
14. Цена слова: Из практики лингвистических экспертиз текстов СМИ в судебных процессах по защите чести, достоинства и деловой репутации/Под ред. М.В.Горбаневского. М., 2002.
15. Теория и практика лингвистического анализа текстов СМИ в судебных экспертизах и информационных спорах: Сборник материалов научно-практического семинара. Часть2. М., 2002.
16. Баранов А.Н. Лингвистическая экспертиза текста: теория и практика. М., 2007.
17. Бринев К. И. Теоретическая лингвистика и судебная лингвистичес-

кая экспертиза. Барнаул, АлтГПА, 2009.

18. Как провести лингвистическую экспертизу спорного текста? Памятка для судей, юристов СМИ, адвокатов, прокуроров, следователей, дознавателей и экспертов / Под ред. проф. М.В.Горбаневского. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Юридический Мир, 2006.

19. Галяшина Е.И. Лингвистика vs против экстремизма: В помощь судьям, следователям, экспертам. М., 2006.

20. Методические рекомендации «Об использовании специальных познаний по делам и материалам о возбуждении ненависти, вражды, а также унижении человеческого достоинства» Генеральной прокуратуры Российской Федерации (№27-16-07 от 16 июля 2007 г.; Зеленина О.В., Суслонов П.Е. Методика выявления признаков экстремизма. Процессуальные исследования (экспертизы) аудио-видео и печатных материалов. Екатеринбург, 2009; Методические рекомендации по интерпретации смысла призывов (типовая методика) / Баранов А.Н., Грунченко О.Г., Левонтина И.Б. / под ред. Л.П. Крысина. М., 2008 г.; Типовая методика судебной лингвистической экспертизы / под ред. В.Ф. Статкуса. М., ЭКЦ МВД России, 2008; Методика по производству психолого-филологической экспертизы (на предмет провоцирования этнической, расовой, религиозной и иной неприязни, позволяющей давать правовую оценку публичным высказываниям и материалам средств массовой информации. Астана, 2008; Кукушкина О.В., Сафонова Ю. А., Секераж Т.Н. Теоретические и методические основы судебной психолого-лингвистической экспертизы текстов по делам, связанным с противодействием экстремизму. М., 2011; Методика экспертных исследований по делам о признании информационных материалов экстремистскими (теоретические основания и практическое руководство). СПб, 2012).

21. Подкатилина М.Л. Судебная лингвистическая экспертиза экстремистских материалов. М.: Юрлитинформ, 2013.

22. Араева Л.А., Осадчий М.А. Судебно-лингвистическая экспертиза по криминальным проявлениям экстремизма // Уголовный процесс. 2006, №4.

23. Щербинина Ю.В. Русский язык: Речевая агрессия и пути ее преодоления. М., 2004. 23. Г.А. Копнина. Речевое манипулирование. Издательство: Флинта: Наука, 2007.